

- Бастауыш сынып оқушыларының құрбы-құрдастарымен өзара әрекеті – тұлғалық дамудың маңызды құрамдас бөлігі.

- Оқушының дүниетанымы мен рухани құндылықтарының қалыптасуы оның ұжымдағы рөлі мен әлеуметтік тәжірибесіне тікелей байланысты.

- Мұғалімнің міндеті – оқушының даралығын, қабілетін, қызығушылығын, қарым-қатынас стилін нақты өмірлік жағдайларда зерттеу мен дамыту.

Бастауыш сынып оқушыларының рухани құндылықтарын қалыптастыру — кешенді және жүйелі түрде ұйымдастырылатын, тұлғаның ішкі әлеміне бағытталған педагогикалық үрдіс. Бұл үдерісте білім беру мен тәрбиелеу тығыз бірлікте жүзеге асырылып, оқушының танымынан мінез-құлқына дейінгі әрбір қабаты мақсатты түрде жетілдіріледі. Рухани бай, адамгершілігі мол, белсенді тұлғаны қалыптастыру — қазіргі мектептің басты мақсаты.

Бастауыш білім алушыларының тұлғалық өрісін, оның оқу іс-әрекетінде және басқа адамдармен қарым-қатынас жүйесінде моральдық нормаларға сәйкес мінез-құлқын тәрбиелеу жеке тұлға дамуының басты көрсеткіші болып табылады.

Пайдаланылған дереккөздер тізімі:

1 Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Bilim және Gulum» атты тамыз конференциясының Пленарлық отырысында сөйлеген сөзі https://www.akorda.kz/kz/speeches/internal_political_affairs/in_speeches_and_addresses/memleket-basshysv-kasym-zhomart-tokaevtyv-bilim-jne-ylvm-atty-tamyz-konferenciya-synyn-plenarlvk-otyrsvnda-soilegen-sozi 16.08.2019.

2 «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III Заңы (2024 жылдың 1 сәуіріндегі өзгерістермен толықтыруларымен.) <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z070000319>.

3 «Біртұтас тәрбие бағдарламасын» бекіту туралы. (ҚР Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 19 қыркүйектегі №294 бұйрығы). -Астана: 2024.

4 «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200029031>.

5 Касымова Р., Жүзей М. Жас ұрпақ бойында рухани құндылықтарды қалыптастырудағы Абай әлемі //Вестник КазНУ, Серия Религиоведение. – 2018. – Т. 14. – №. 2. – С. 37-42.

6 Тлеуберлинова Э. Б., Мухаметжанова А. О. Бастауыш сынып оқушыларына ұлттық құндылықтарды қалыптастырудың педагогикалық шарттары //Известия. Серия: Педагогические науки. – 2024. – Т. 72. – №. 1.

7 Камиева А. Г., Сапашева К. Х. Сыныптан тыс жұмыстар жүйесінің рухани-адамгершілік құндылықтарды қалыптастырудағы мүмкіндіктері //Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университетінің хабаршысы. –С. 208.

ӘОЖ 378.1

ЖАСӨСПІМДЕРДІҢ ЖЫНЫСТЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІНЕ БАЙЛАНЫСТЫ БУЛЛИНГТІҢ КӨРІНУІ

Атемова Қ.Т., Мырзапеисова М.Т.

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан

Бүгінгі әлеуметтік ортада жасөспірімдер арасында өзара қысым көрсету мен әлімжеттілік құбылыстары көбейіп бара жатқаны шындық. Ғылым тілімен айтқанда жасөспірімдер арасындағы буллинг өзгеге қысым жасаудың заманауи тәсілі ретінде жиі көрініс табады деуге болады. Буллингке (қорқытуға) кез келген адам, кез келген ортада бетпе-бет келуі мүмкін. Нақты айтатын болсақ, жасөспірімдер мен ересектер колледжде, жоғары оқу орындарында, мектепте немесе жұмыс орындарында және т.б. мекемелерде жасына, жынысына қарамай буллинг және кибербуллингтің құрбаны болуы мүмкін [1].

Зорлық-зомбылық пен қатыгездік көрінісінің адамның жыныстық ерекшеліктеріне сай сипаттамалары ең алдымен мәдениетімізге тән әйелдер мен ерлердің әлеуметтік рөлдерінің теңсіздігіне байланысты туындайды [2]. Жасөспірімдік кезеңде ұл балалар мен қыз балалар бұл кезеңді әртүрлі бастан кешіреді. Ұлдар үшін бұл көбінесе басқаларға тәуелсіздікке байланысты өзін-өзі бағалауды дамыту болса, қыздар үшін бұл жауап әлеуметтік байланыстарды орнату арқылы болады[3]. Мұндай тұжырымдарды көптеген зерттеушілер өз көзқарастары тұрғысында пайымдап, қорытынды жасаған. Мысалы, О.Л.Глазманның тұжырымы бойынша, ұлдар физикалық буллингті, ал, қыздар – әлеуметтік оқшаулану түрін жиі пайдаланады. Ал, вербальді буллинг түрін қыз балалар да, ұл балалар да пайдаланады деген қорытындыға келген [4].

Жасөспірімдердің жыныстық ерекшеліктеріне байланысты әу баста өзгеге қысым көрсету әдетте ер балалар арасында болады деген көзқарас орнаған болатын. Сондықтан, Д.Ольваеустың зерттеулерінде қорқыту мәселесі ер балалар контингенті бойынша жүргізілген еді. Ұлдар қарым-қатынастары агрессивті болып келеді. Өйткені, қара күш иесі ретінде олар өз ашу-ызаларын физикалық тұрғыда шығару арқылы жеңілдеген. Шамасы келгеніне күш көрсету арқылы өзінің тұлғалық болмысын өзгеге мойындатқан және соның нәтижесінде қанағат тапқан.

Кейіннен қоғамның дамуы мен қыз балаларының еркіндігі біртіндеп олардың мінез-құлқының ұлдарға ұқсап бара жатқанын көрсетті. Осы тұста зерттеуші В.Хейтмайер қорлау қыздарда да, ұлдарда да кездесетінін анықтаған. Қазіргі кездегі қыздар арасындағы буллинг көріністері ұлдардан қалыспайтынын, керісінше қыздарда арсыздық пен алдау ұлдарға қарағанда басым болатынын (жанама және сөздік агрессия) айтады. Есесіне ер адамда – физикалық агрессия басым деп атап өтеді [5].

О.М. Бриллиантов және В.Р. Петросяның пікірінше қыздар жетілу кезеңінде жыныстық ерекшеліктеріне тән өздеріне жоғары талап қояды, өзін-өзі сынауға бейім болады [5]. Қыздарда эмоционалды өмір, сыртқы әлеммен байланыс орнату, қарым-қатынас пен сүйіспеншілік, өсек айту, сыр алмасу қажеттілігі оянады. Олар сыртқы бейнесі мен сымбатына аса назар аударады, достарымен қарым-қатынасқа мұқтаж келеді, сонымен қатар, рухани үндестік тапқан адаммен жақын дос болуға, сыр алмасуға бейім болады. Сонымен қатар, жақын досымен қарым-қатынастың үзілуі өзін жалғыз, қажетсіз сезіну сияқты сезімдері маңыздырақ болады.

Қыз балалар күйзелістен шығу жолында ұзақ мерзімді телефон арқылы сөйлесуге, әлеуметтік желілермен немесе т.б жаңа байланыстар орнатуға талпынады. Жасөспірім қыздардың мінез-құлқындағы мұндай эмоционалды тұрақсыздығы олардың арасында жанжалдың туындауына және буллингке алып келуі мүмкін. Осыған дейінгі зерттеулерде көптеген зерттеушілер «ұлдар қыздарға қарағанда агрессивті болады, оларда физикалық және жанама агрессия басым» - деген пікірде болды.

Дегенмен, ұлдардың агрессивтілігі қыздарға қарағанда жоғары деген пікірдің кең тарағанына қарамастан, көптеген практикалық психологтар жасөспірім кезіндегі қыздар ұлдарға қарағанда агрессивті болады деп дәлелдеуде [5, 183].

Қыз балаларға тән буллинг түрі – вербальді буллинг. Ашып айтатын болсақ, өсек айту, кінәмшілдік, лақап ат қою, мазақтау, кемсіту, оқшаулау, көре алмау, алдау, арбау және дұшпандық ойлау, агрессиясын жасырын түрде білдіруге тырысу сияқты өзгеге негативті әсер ету арқылы қысым көрсету сөзбен іске асырылады.

Ал, ұлдарда бәсекелестік рухы дамиды, өзіне деген сенімсіздігін, өзінен әлсіздерге күш көрсетумен дәлелдегісі келеді. Сонымен қатар, оларда өз ортасында беделін артырып, көшбасшы болуға деген құштарлық басым болады [3, 97]. Ұлдардың да, қыздардың да осындай мінез-құлықтарын ортаның қолдауына, көпшіліктің алдындағы абыройы мен өздерін мойындатуға бағытталған іс әрекеттері деп есептеуге болады.

Жеке тұлғаның психологиялық ерекшеліктерін зерттеуші ғалымдар буллинг жағдайындағы ұл балаларға әртүрлі сипаттама береді. Солардың бірі С.А.Черкасовтың пікірінше «құрбан» рөліндегі ұл балаларға тән сапалар - қорқыныш, өзіне сенімсіз болу, үрей, қобалжу, шешім қабылдау кезіндегі өз-өзіне сенімсіздік, тұйықтық, ішкі дүниесіндегі жағдайды шығара алмау, өз-өзіне қанағаттанбау, өз ісіне күмәндану сияқты сезімдер тән десе [7], тағы басқа ғалымдар пікірінше «агрессор» рөліндегі ұл балаларға -үстемдік ету, басқаларға деген немқұрайдылық, басқаларды азаптаудан рахат алу, зорлық-зорлымдылық көрсетуге бейімдік тән деп есептейді. Сонымен қатар, отбасының тәрбиесінің тікелей әсерін тұлға болып қалыптасу кезеңінде отбасыдағы әлеуметтік жағдайы ата-ананың рөлі, олардың өзін ұстауы, агрессиясы, эмоционалды тұрақсыздығы, физикалық күш қолдану арқылы жазалауы сияқты әрекеттерді бала қайталайтынын және ұл балалар отбасының тәрбие беру стиліне қарамастан импульсивті болып та келетінін алға тартады[7].

Ал, «агрессор» рөлін атқарушы қыз балалар - буллингке қатысуын гармональды сәтсіздік, лидер

болуға ұмтылу, феминистік көзқарастар, спорттың дұрыс түрін таңдамау, бастан кешірген зорлық-зомбылыққа деген қорғаныш реакциясы, отбасылық қиындықтар, авторитарлы әке, анасыз өсуі сияқты жағдайлармен сипаттайды. Сонымен қатар, қыздар эгоцентризм, үнемі назарда болу, алаңдаушылық, уайым, көзге түсуге тырысу, эмоционалдық тұрғыдан дамымау, басқалармен тұрақсыз қарым-қатынасқа бейім, негативизм, айыптауға бейім, фрустрацияға агрессивті реакциялар, өзін-өзі бағалауға деген тұрақсыздыққа бейім болып келеді [8].

Мұндай қыздар зорлық-зомбылықты(буллингті) мазақ ету арқылы қорлау, «жәбірленушіге» қарсы интригалар жасау, және қорлайтын лақап аттар беру, өсек пен қауесет тарату арқылы жасайды. Кейбір қыздарда гормональдық ерекшелік болады,(біз оларды «еркекшора» - деп те атап келгенбіз), олар физикалық агрессияны қыздарға да ұлдарға да көрсетуі мүмкін [3].

Зерттеушілер жәбірленуші - «құрбандарды»- агрессивті және пассивті деп екіге бөледі.

Агрессивті құрбандар - ашуланшақ, оңай күйзеліске түсетін, жиі мазасызданатын болады.Мұндай жасөспірімдер ұлтына, жынысына, сыртқы түріне, отбасының материалдық жағдайына, жәбірленушінің мінез-құлқына бейімділігі және т.б.ерекшеліктеріне байланысты құрбан болады және олар өз агрессияларын құрдастары қабылдамаған одан да әлсіздерге бағыттайды.

Пассивті құрбандар - агрессияның төменгі деңгейімен ерекшеленеді. Олар қақтығыстардан қорқады, сондықтан оларда депрессияға бейімділік, кейбір жағдайларда суицидке бейімділіктер де байқалады.

Сонымен қатар, зерттеушілер - жәбірленушіні - «қорғаушыларды» бөліп көрсетеді. Мұндай жасөспірімдер жоғары әлеуметтік статусқа ие. Олардың өзін-өзі бағалауы жоғары, әділдік, мейірімділік, адамгершілік нормалары жоғары болып келеді. Сондықтан, қорғаушылар бұзақылардан қорықпайды,

Қорғаушы ұлдар өз көзқарасын қорғайды, көбінесе физикалық күшімен төзімділік, тартымдылық, өзіне деген сенімділік көрсетуімен ерекшеленеді. Ал, *қорғаушы қыздар* - сұлулығымен, құрдастары арасында танымалдығымен ерекшеленеді.

Зерттеушілер сонымен қатар «бақылаушылар» рөлін де қарастырады. Олар жасөспірімдер арасында әлеуметтік статусының жоғарылығымен және толеранттылығымен ерекшеленеді. Бақылаушының қорқыту жағдайына араласпауы оның мейірімсіз екендігін көрсетпейді, керісінше, өз қауіпсіздігі үшін қорқынышты көрсетеді. Сонымен қатар, жәбірленушінің қасіретіне қарап ләззат алатын бақылаушы түрі де бар, мұндай бақылаушылар қауіпті. Бақылаушылар рөліндегі ұл балалар-жәбірленушінің тағдырына бей-жай қарайды. Бақылаушы рөліндегі қыздар – манипуляторлар болып табылады. Мұндай бақылаушылар өзін-өзі бағалаудың жеткіліксіздігімен сипатталады, оларда жоғары амбиция мен жоғары деңгейдегі ішкі агрессивтілік басым, жазадан аулақ, бірақ көрген азаптың ләззатынан бас тартпайды. Мұндай қыздар жігіттерді бұзақылық әрекеттерге итермелейді [7].

Ер балалардың жасы ұлғайған сайын олардың агрессивтілігі төмендейді, ал қыздарда өседі, агрессивті мінез-құлыққа бейімділік арта түседі [8].

Қорытындылай келе, қорқытуға қатысушы жасөспірімдердің жыныстық ерекшеліктерін зерттеу деректерін талдау барысында қыздар арасында жанама және ауызша агрессияны (өсек, қорлау, келемеждеу және т.б.) жиі кездесетінін атап өткен жөн. Олар көбінесе «бәсекелестік» мінез-құлық үлгісін таңдайды. Дегенмен қыздарда толеранттылық ұлдарға қарағанда жоғары.

Ұлдар тікелей физикалық агрессиямен ерекшеленеді, жек көру, агрессияны көрсету, үстемдікке ұмтылады, жасырмай, ашық әрекет етеді. Сонымен қатар ұлдар төзімділік және ымыраға келуге дайын болады. Дегенменде бұл зерттеулер буллингке ұшыраушылардың гендерлік сипаттамасын толық аша алмайды және әлі де толық зерттеулерді қажет етеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Буллинг как объект исследований и культурный феномен. [Электронный ресурс] // Психология. Журнал Высшей школы экономики, 2013. Т. 10. № 3. -С. 149–159.
2. Елшібаева К.Ф. Гендерлік психологияның ұлттық психологиямен ұштасуы. ҚазҰУ хабаршысы. Психология және социология сериясы № 3 (34) [ГЕНДЕРЛІК ПСИХОЛОГИЯНЫҢ ҰЛТТЫҚ ПСИХОЛОГИЯМЕН.pdf](#)
3. Т.С. Чуйкова Гендерные особенности буллинга в подростковом возрасте. [elibrarv_46159292_11692941.pdf](#)
4. 4.Глазман О.Л. Психологические особенности участников буллинга [Электронный ресурс]. - Режим доступа: <https://cyberleninka.ru/article/n/psihologicheskie-osobennosti-uchastnikov-bullinga>

5. Макарова Ю.Л. Гендерные особенности поведения участников подростковой буллингструктуры // Психология. Историко-критические обзоры и современные исследования. 2017. Т. 6. № 5А. С. 181-192

6. Бобровникова Н.С. Гендерные особенности поведения подростков участников буллинга в современной образовательной среде // Мир науки. Педагогика и психология, 2020, №4, <https://mir-nauki.com/PDF/18PSMN420.pdf> (доступ свободный). Загл. с экрана. Яз. рус., англ.

7. Шамбура Ю. В. Особенности отношения современных подростков к буллинг (с учетом гендерного аспекта) [Электронный ресурс].- Режим доступа: https://seanewdim.com/uploads/3/4/5/1/34511564/httpsdoi.org10.31174send-pp2019-198vii_80-17.pdf

8. Ермолова Т.В., Савицкая Н.В. Буллинг как групповой феномен: исследование буллинга в Финляндии и скандинавских странах за последние 20 лет (1994—2014) [Электронный ресурс] // Современная зарубежная психология. 2015. Т4, №1. С.65—90.

УДК 316.356.2:37.035:008(574)

ЦЕННОСТЬ СЕМЬИ КАК ОСНОВА НАЦИОНАЛЬНЫХ ТРАДИЦИЙ

Аубакирова Н.В.¹, Садырова С.М.²

¹КГУ «ОШ №65», Караганда, Казахстан

²КГУ «ОШ имени Г. Мустафина», Караганда, Казахстан

Современное научное общество феномену семьи уделяет достаточно много внимания, семья выступает объектом исследования специалистов, работающих в разных областях: педагогике, социологии, экономике, демографии. Особенно широко представлены исследования по психологии семьи, включающие изучение супружеских и детско-родительских отношений, психологические условия благополучия семьи, семейное воспитание, закономерности функционирования разных типов семей и т.п. Неизменный интерес к семье связан с той важной ролью, которую она играет в жизни современного общества, обеспечивая не только его воспроизводство, но, прежде всего, семья является одним из основных источников социальных установок, ценностных ориентаций субъекта.

Семья, являясь социальным институтом общества, испытывает на себе влияние изменений, происходящих в обществе. В последние годы в западной культуре ощущается ослабление связей семьи с обществом, что негативно влияет как на саму семью, так и на общество в целом. В частности, все чаще поднимается вопрос о сохранении (и даже – восстановлении!) традиционных семейных ценностей, необходимости психологической подготовки молодежи к семейной жизни.

В связи с этим актуальным может быть признан вопрос изучения ценности семьи у современной студенческой молодежи, которая находится в ситуации, когда процессы трансформаций в различных областях жизни приобретают очень динамичный характер, отмечается быстрая смена системы ценностей общества. В данных условиях наиболее чувствительной к происходящим изменениям является именно студенческая молодежь, так как студенческий возраст отличается активной интериоризацией социальных ценностей в связи с продолжающимся процессом построения индивидуального жизненного плана. Кроме того, ценность семьи в общей иерархии ценностей молодого человека можно признать одним из критериев социальной зрелости личности, что согласуется с мнением П.М. Якобсона, который считает, что социальная зрелость выражается в том, «насколько адекватно понимает человек своё место в обществе, каким мировоззрением или философией он руководствуется, каково его отношение к институтам общества ..., своим обязанностям и своему труду» [11, с. 142].

Целесообразность исследования ценности семьи у студенческой молодежи, вступающей в период ранней взрослости, обуславливается также и тем обстоятельством, что социальная ситуация развития в данном периоде характеризуется рядом значимых событий в жизненном пути личности, когда наряду с получением и завершением образования, приобщением к профессиональной деятельности и её освоением, актуальным становится вопрос вступления в брак, рождения и воспитания детей [2, с. 133; 3, с. 24; 5, с. 43; 7, с. 9-10, с. 59-60; 10, с. 5]. К началу ранней взрослости личность приходит, как правило, с относительно сформированной и стабилизировавшейся системой ценностей, являющихся выражением имеющихся личного мировоззрения и жизненной позиции, с